

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.


В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

51%-ға кеміп жатыр. Сонымен бірге, есепті кезең басындағы ақша қаражаттары және баламалары 2019 жылмен 2021 жылды салыстырғанда 51% – ға кеміген, 2020 жылмен 2021жылды салыстырғанда 8% –ға қайта артып отыр. Демек, бұл жерде ауытқу өзгерісі 2020-2021жж аралығында орын алды.



Сурет 4. Ақша қаражаттары және олардың баламаларының 2019-2021жылдар аралығындағы өзгеру сомасы, мың.тг

Осылайша бұл көрсеткіштердің өзгеру сомасындағы ең төменгі және жоғарғы ауытқу өзгерістері 2020-2021жж аралығында орын алып отыр.

Қорытындылай келе, "QazaqGaz " акционерлік қоғамының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ішінде ақша қаражаттары және жүргізілген аудит нәтижесінде, компанияның қазірге қаржылық жағдайы жақсы екенін білуге болады. Инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары жыл сайын төмендеп отыр. Сонымен қатар, Қазақстан аумағында кейбір аудан, елді мекендерде газбен қамтылу деңгейі нашар болғандықтан, барлық аумақ бойынша үздіксіз газбен қамтамасыздандыруды ұсынамын. Себебі озық елдер қатарына кіріп, әлемдегі әріптестікті нығайта отырып, еліміздің газ қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "QazaqGaz" АҚ ресми сайты [Электрондық ресурс] - <https://qazaqgaz.kz/>
2. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізімі [Электрондық ресурс] - <https://gr5.gosreestr.kz/p/kz/gr-search/search-objects>

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҰЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРІНІҢ АУДИТІ

Анетова Айзере Нұрболатқызы
aizereanetova2003@gmail.com

“Мемлекеттік аудит” БББ 3 курс студенті
 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
 Астана қ., Қазақстан Республикасы
 Ғылыми жетекшісі: Жахметова А. К.

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі-Компания) мемлекеттің 100% иелігімен 1997 жылы құрылып, ұлттық мұнай тасымалдаушы құбырларының операторы болып табылады. 2022

жылғы 1 қазандағы жағдайға сәйкес Компанияның 90%-ы акциясы «ҚазМұнайГаз» АҚ тиесілі. Ал қалған акциялар «Халықтық IPO» арқылы алынған миноритарлық акционерлерге тиесілі.

Осы жұмыста «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ және қысқа мерзімді активтерінің 2019-2021жж. аралығындағы өзгерісін қарастырамын. Активтер деп - өткен шаруашылық операциялар негізінде пайда болатын, болашақта экономикалық пайда әкеледі деп күтілетін ресурстарды айтамыз.

Активтер пайдалану мерзімі бойынша екіге бөлінеді:

- қысқа мерзімді активтер;
- ұзақ мерзімді активтер. [1]

Төмендегі 1-кестеде қарастырып отырған Компанияның ұзақ мерзімді активтерінің соңғы үш жылдағы өзгерісін, оның ішінде құрылымының өзгерісін көре аламыз.


Кесте-1

2019-2021 жылдардағы «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған қаржылық есебінің ұзақ мерзімді активтерінің құрылымы мен құрылысы

Р/с	Көрсеткіштер	31.12.2019 жыл, мың теңге	Үлесі %	31.12.2020 жыл, мың теңге	Үлесі %	31.12.2021 жыл, мың теңге	Үлесі %
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Негізгі құралдар	734 421 997	90,88	667 480 058	89,20	803 073 178	89,12
2	Пайдалану құқығы түріндегі активтер	3 902 044	0,48	2 547 819	0,34	1 111 472	0,12
3	Материалдық емес активтер	7 728 097	0,96	7 167 364	0,96	7 352 234	0,82
4	Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар	55 015 339	6,81	63 422 815	8,48	74 096 113	8,22
5	Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	898 475	0,11	74 922	0,01	6 443 725	0,72
6	Өтелуге жататын ҚҚС	1 958 523	0,24	2 047 148	0,27	4 356 465	0,48
7	Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	1 128 626	0,14	983 401	0,13	913 401	0,10
8	Банк салымдары	2 139 767	0,26	3 569 402	0,48	1 424 328	0,16
9	Облигацияларға инвестициялар	919 511	0,11	913 746	0,12	-	-
10	Кейінге қалдырылған	-	-	-	-	2 254 677	0,25

	салықтық активтер						
11	Өзге де ұзақ мерзімді активтер	11 866	0,001	90 917	0,01	93 701	0,01
	Жиыны	808 124 245	100	748 297 592	100	901 119 277	100
Ескертпе: [2]; [3] дерек көздері негізінде автормен жасалған							


Төмендегі 1-суреттен ұзақ мерзімді активтердің жиынының соңғы үш жылдағы өзгерісінің динамикасын көре аламыз.



Сурет 1. «ҚазтрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді активтерінің 2019-2021жж. аралығындағы динамикасы

Жоғарыдағы 1-кестедегі мәліметтерді талдасақ, Компанияның негізгі құралдары ұзақ мерзімді активтердің барлық жиынының шамамен 90%-ын құрайды. «Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек» пен «Облигацияларға инвестициялар» көрсеткіштері үш жыл қатарынан азайып келе жатқанын көреміз. Компанияның 2021 жылы жалпы ұзақ мерзімді активтерінің жиыны соңғы үш жылда өсіп келе жатырғанын көреміз. Тек 2020 жылы активтер жиыны - 59 926 653 мың теңгеге азайса, 2021 жылы 158 821 685 мың теңге өскен. 2020 жылы орын алған дүниежүзілік пандемия себебінен, Компанияға өз қызметінің көлемін азайтуға тура келіп, ұзақ мерзімді активтер мөлшері азайды деп ойлаймын.

Төмендегі 2-суреттен Компанияның ұзақ мерзімді активтерінің құрылымының соңғы үш жылдағы үлесі бойынша өзгерісі көрсетілген.



Сурет 2. «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді активтерінің 2019-2021жж.аралығындағы құрылымының өзгерісі

Компанияның бір жыл ішінде қолданатын, қысқа мерзімді активтерінің құрылымының соңғы үш жылдағы өзгерісі төмендегі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте-2


2019-2021 жылдардағы «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған қаржылық есебінің қысқа мерзімді активтерінің құрылымы

Р/с	Көрсеткіштер	31.12.2019 жыл, мың теңге	Үлесі %	31.12.2020 жыл, мың теңге	Үлесі %	31.12.2021 жыл, мың теңге	Үлесі %
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қорлар	6 278 501	6,0	8 234 956	7,43	8 141 938	9,92
2	Сауда және өзге де дебиторлық берешек	5 858 238	5,60	4 266 802	3,85	7 143 184	8,71
3	Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	1 258 565	1,20	724 318	0,65	414 279	0,50
4	Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	1 823 885	1,74	1 350 911	1,22	1 777 447	2,17
5	Өтелуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем	7 121 095	6,80	8 014 017	7,23	8 149 910	9,93
6	Өзге де қысқа мерзімді активтер	6 859 636	6,55	8 285 445	7,47	5 896 254	7,19
7	Банк салымдары	45 960 400	43,90	27 342 909	24,66	8 665 145	10,56

8	Облигацияларға инвестициялар	-	-	-	-	753 707	0,92
9	Ақша қаражаттары және олардың баламалары	28 649 091	27,37	52 014 612	46,9	40 498 972	49,36
10	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	879 814	0,84	630 839	0,57	602 408	0,73
	Жиыны	104 689 225	100	110 864 809	100	82 043 244	100

Ескертпе: [2]; [3] дерек көздері негізінде автормен жасалған

Компанияның 2-кестедегі деректеріне сәйкес, қысқа мерзімді активтерінің құрылымының өзгерісінің динамикасы төмендегі 3-суретте көрсетілген.




Сурет 3. «ҚазТрансОйл» АҚ қысқа мерзімді активтерінің 2019-2021жж.аралығындағы өзгерісі

2019-

Жалпы жоғарыда 2-кестеде көрсетілген, мәліметтерге сәйкес Компанияның қысқа мерзімді активтер көлемінің азайғанын көреміз. 2021 жылы қысқа мерзімді активтер жиыны - 28 821 565 мың теңгеге азайған. Ең көп мөлшерде азайған көрсеткіш болып «ақша қаражаттары және олардың баламалары» болып табылады. Ақша қаражаттары және олардың баламалары көрсеткіші жалпы Компанияның қысқа мерзімді активтерінің жиынының шамамен 40%-дан жоғары көлемін алады. Бұл көрсеткіш 2020 жылы 23 365 521 мың теңгеге күрт өскен, алайда 2021 жылы -11 515 640 мың теңгеге азайды. 2021 жылы Компанияның банкте теңгемен көрсетілген салымдарының күрт азайтуы, жалпы ақша қаражаттар көрсеткішінің жиынының азаюына әкелді.

Төмендегі 4-суретте Компанияның ақша қаражаттары және олардың баламаларының соңғы үш жылдағы өзгерісі көрсетілген.



Сурет 4. «ҚазТрансОйл» АҚ 2019-2021жж. аралығында ақша қаражаттары және олардың баламаларының өзгерісі

Қорытындылай келе, «ҚазТрансОйл» АҚ активтерінің соңғы үш жылдағы өзгерісін талдадық. Компанияның 2019-2021жж. аралығында ұзақ мерзімді активтерінің артуы, оның ішінде әсіресе негізгі құралдардың артуын көреміз. Тек 2020 жылы ұзақ мерзімді жиыны азайған, бұл жалпы еліміздің экономикасының дүниежүзілік пандемия кезіндегі баяулауына сәйкес келеді. Ал қысқа мерзімді активтерінің керсінше кеміуін көреміз. Бұған себеп, қызмет көлеміне байланысты деп ойлаймын. Яғни, Компанияның соңғы жылдары өндіріс көлемінің артуына байланысты, ұзақ мерзімді активтері өсіп, қысқа мерзімді активтері көлемі азайған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Таштанова Н.Н., Сапарбаева С.С., Жаппасова Р.Е. «Бухгалтерлік есеп негіздері» /Оқу құралы/Н.Н.Таштанова, С.С.Сапарбаева, Жаппасова Р.Е.- Нур-Султан, 2020-163 б.
2. 2020 жылы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] - <https://kaztransoil.kz/ru/file-preview/?id=1082&sc=ART>
3. 2021 жылы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] - <https://kaztransoil.kz/ru/file-preview/?id=1543&sc=ART>

"АТАМЕКЕН АГРО" АҚ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ АУДИТІ

Арқат Ақмейір Арқатқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Есеп және аудит» мамандығының 4 курс студенті
Астана қ. Қазақстан Республикасы
E-mail: akme1r2002@mail.ru
Ғылыми жетекшісі –Бекболсынова А. С.
"Мемлекеттік аудит" кафедрасының аға оқытушысы

«Атамекен Агро» – қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші және халықаралық сауда компаниясы. Компания 2008 жылғы 26 қыркүйекте тіркелген және өз